

aceline

Пайдалану
бойынша нұсқаулық

Бұрауыш
ACS45

Мазмұны

Құрылғының қызметі	3
Сақтық шаралары	3
Акумуляторлы батареяны (Li-pol/Li-ion) қолдану жөніндегі ұсыныс	6
Құрылғының схемасы	8
Құрылғыны пайдалану	9
Қызмет көрсету және күтім	10
Техникалық сипаттамасы	11
Жинақталуы	11
Ықтимал проблемалар және олардың шешімдері	11
Монтаждау, сақтау, тасымалдау, сату және кәдеге жарату ережелері мен шарттары	12
Қосымша ақпарат	13

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Біз Сізге сапалы, функционалды және жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының қызметі

Бұл электрқұрал бұрама шегелерді бұрауға және металды, ағашты бұрғылап тесуге арналған.

Сақтық шаралары

1. Бұл құрылғыны коммерциялық мақсатта пайдалануға болмайды.
2. Құрылғыны пайдаланардан бұрын берілген нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.
3. Құрылғыны пайдаланардан бұрын желіде көрсетілген кернеудің электрқұрылғының кестесінде көрсетілген кернеумен сәйкестігін тексер.
4. Пайдалану ережесін, сондай-ақ қауіпсіздік техникасын сақтамау электр тоғының зақымдалуына, өртенуіне және/немесе адамдардың жарақаттануына әкеліп соғады.
5. Пайдаланушының осы нұсқаулығын құрылғыны толық пайдаланғанға дейін сақтаңыз.
6. «Электрқұрал» термині барлық ескертулерде желідегі тоқпен немесе аккумуляторлық батареймен (желісіз) жұмыс істейтін құрал ретінде көрсетіледі.
7. Жұмыс орны таза және жарық болу керек. Берілген ережелерді сақтамау жарақаттануға және басқа да жазатайым оқиғаларға әкеліп соқтырады.
8. Электрқұралды жарылғыш заттар бар жерде: тез тұтанғыш сұйықтықтар мен газға жақын жерлерде қолданбаңыз.
9. Электрқұралды қолданғанда балалар мен бөгде адамдар бар жердің арақашықтығын сақтаңыз және Сізді алаңдатпауын қадағалаңыз.
10. Жерге тұйықталған тұрбаларға, радиаторларға, плиталарға және тоңазытқыштарға жақын жұмыс істеменіз. Егер жақын тұрсаңыз электр тоғымен зақымдану қаупі зор.
11. Құралды жаңбырлы күні немесе ылғалды жерде пайдаланбаңыз, ылғалды жерде электр тоғының қаупі жоғары.
12. Желіге қосылған сымдарға абай болыңыз.

13. Электрқұралдармен жұмыс істегенде абай болыңыз. Есірткі шегіп, ішімдік, дәрі-дәрмек ішкенде немесе шаршап тұрсаңыз электрқұралды пайдаланбаңыз. Электрқұралдармен жұмыс істеген кезде алаңдап тұрсаңыз, жарақаттанып қалуыңыз мүмкін.
14. Электрқұралдардың түрлері мен оларды қолдану талаптарына сәйкес жеке қорғаныш құралдарын: қорғаныш көзәйнегін, шаңтұтқыш бетперделерді, табаны таймайтын қауіпсіз аяқкиім, қорғаныш баскиім мен құлаққаптарды пайдаланыңыз.
15. Электрқұралды іске қосарда барлық реттегіш, сомын кілттерді және басқа да құралдарды алып тастаңыз.
16. Электрқұралдармен жұмыс істеген кезде ыңғайлы қалыпта болыңыз және тепе-теңдікті сақтаңыз. Бұл оқыс жағдайларда зақымдану мен жарақаттанудың алдын алады.
17. Жұмыс істеуге ыңғайлы киім киіңіз. Қолбыраған киім кимеңіз немесе әшекей тақпаңыз, шашыңыздың, киіміңіздің және қолғабыңыздың айналып тұрған электрқұралға оралып қалмауын қадағалаңыз.
18. Егер қолда бар болса, шаңтұтқыш жабдықтарды пайдаланыңыз. Бұл зақымданудың алдын алады.
19. Электрқұралды бекітілген жүктемесіне сәйкес өз қызметі бойынша қолданыңыз.
20. Құралды ажыратып-қосқыштың көмегімен қосуға және ажыратуға мүмкін болмаса қолданбаңыз.
21. Электрқұралды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Балаларға, сондай-ақ нұсқаулықпен таныспаған адамдарға электрқұралды пайдалануға бермеңіз.
22. Құралдың қозғалатын бөліктерінің тығыз киілгенін және ақаусыз екеніне көзіңді жеткіз. Егер құралдың ақауы болса, оны жөндеу керек.
23. Орындалатын жұмыстың нақты талаптарын ескере отырып, осы нұсқаулыққа сәйкес жиынтық құралдарды, қондырмаларды, басқа да құралдарды қолданыңыз. Құралды қызметіне сай пайдаланбау қауіпті.
24. Аккумуляторды өндіруші көрсеткен қуаттау құрылғысының көмегімен қуаттандырыңыз. Батарейдің бір түріне келетін қуаттау құрылғысын басқа аккумулятор батарейіне қолданғанда өрт шығуы мүмкін.
25. Арнайы көрсетілген аккумулятор батарейін ғана қолданыңыз.
26. Егер аккумулятор батарейін қолданбасаңыз, оны металл заттардан, мысалы қағаз қыстырғыштардан, тиындардан, кілттер мен шегелерден, бұрама шегелерден және басқа да кішкентай металл заттардан батарейдің терминалына тиіп кетпеу үшін бөлек сақтаңыз. Батарей терминалының тұйықталуынан от тұтануы мүмкін.
27. Пайдалану талаптарын сақтамаудан аккумулятордан электролит ағып кетуі мүмкін, оған жақындауға болмайды. Егер бір жеріңізге жұғып кетсе, тиген жеріңізді сумен жуып тастаңыз. Егер электролит көзіңізге тиіп кетсе, дәрігерге көрсетуіңіз керек. Аккумулятордан аққан электролит денені тітіркендіріп, күйдіріп жіберуі де мүмкін.

28. Аккумулятор батареіін қойғанда немесе шығарғанда тоқтан ажыратып қойыңыз.
29. Зақымданған немесе істен шыққан батерейлер қауіпті қалдық ретінде жойылып отыру керек. Оларды арнайы жинайтын орындарға тапсырыңыз.
30. Қуаттау құрылғысында топырақ, балшық, шаң-тозаңның болмауын қадағалаңыз.
31. Құралды жөндегенде бөлшектерінің түпнұсқасы бар, білікті маманға апару керек, бұл электрқұралдың қауіпсіз болуына кепілдік береді.
32. Электрқұралдың іске қосылған кездегі шуылы Сіздің құлағыңызды ауыртуы мүмкін. Жұмыс істегенде қорғаныш құлаққап пайдаланыңыз.
33. Бұрауыштың қондырмасы немесе құралдың құрамдас бөлшектері көрінбейтін кәбілдермен жанасатын кезде оны оқшауланған қолға ұстайтын жерінен ұстаңыз. Кернеуі бар кәбілдермен жанасқан кезде құралдың металл бөлігі электр тоғын өткізіп, қауіпті болуы мүмкін.
34. Жұмыс біткен кезде құралды тоқтан ажыратып, айналып тұрған бөлігінің толық тоқтауын күтіңіз
35. Құралдың зақымданбаған құрамдас бөлшектерін ғана пайдаланыңыз.
36. Бұрғының бұрғылайтын бөліктің астында жатқан бөлікті бұрғылап кетпеуін қадағалаңыз.
37. Құралды сөндіргеннен кейін оның қондырмасына қол тигізбеңіз.
38. Қолыңызды өңделетін бөлшектің астына қоймаңыз.
39. Қолыңызбен бұрағыш қондырмасының жанындағы ағаш жаңқалары мен үгінділерді жинамаңыз.
40. Басқа жаққа бұрылмас бұрын жұмысыңызды бітіріп, құралды сөндіріңіз.
41. Құралдың бұрандамалармен қосылып тұрған жерлерін үнемі тексеріп тұрыңыз.
42. Өндіруші құралды қолдану кезінде осы нұсқаулықтағы талаптарды орындамау барысында болған зақымдар үшін өзіне жауапкершілік алмайды.
43. Пайдалану кезінде және жинаған кезде нұсқауларды орындап, қауіпсіздік техникасын сақтаңыз. Құралды пайдаланатын адам осы нұсқаулықпен танысып шығу керек.
44. Құралды бөлшектеуге және оны өзгертуге тырыспаңыз. Өндіруші осындай түрлендіру барысында болған зақымдар мен жарақаттар үшін өзіне жауапкершілік алмайды.
45. Құрал балалардың және мүмкіндігі шектеулі адамдардың, сезу мүшелері, ақыл-есі кем адамдардың пайдалануына арналмаған, егер олардың үстінен сол адамдардың қауіпсіздігіне жауапкершілік алатын адам болғанда ғана пайдалана алады. Балалардың құралмен ойнауына рұқсат етпеңіз.

Аккумуляторлы батареяны (Li-pol/Li-ion) қолдану жөніндегі ұсыныс

АКБ-ның табиғи тозуы

Құрылғыны ұзақ уақыт сақтағанда және пайдаланғанда аккумулятор (бұдан әрі – “АКБ”) қуаты мен сыйымдылығынан айырылады. Құрылғыны қолданған кезеңде қуаттау мен қуат кетуінің 300 циклынан соң АКБ сыйымдылығы өзінің номиналдық мөлшерінің 60% дейін төмендеуі мүмкін.

АКБ сыйымдылығы қуаттау мен қуат кетуінің 400 циклынан соң өзінің номиналдық мөлшерінің 80% дейін төмендеуі мүмкін.

Осы аталған шекте және көрсетілген уақыт кезеңіндегі сыйымдылығының ішінара төмендеуі – АКБ табиғи тозуы, бұл ақау емес.

АКБ құрылғыдан бөлек сақталғанда да оның қуаты жойылады. Қуаттың өздігінен жойылуы айына 5% дейін. Құрылымы бойынша АКБ жарамдылық мерзімі қысқа, ол пайдаланылса да, пайдаланылмаса да үнемі азаяды. Оның азаюы температура жоғарылаған сайын және қуат мөлшерінің “оңтайлы” (сақталуына қарағанда) деп саналатын 40% алыстаған сайын қарқындай береді. Басқаша айтқанда, егер АКБ пайдаланылмаса, оның қуатын 40–50 % деңгейде ұстаған жөн.

Аккумуляторлы батареяның қуатының жарамдылығы/қуаты кетуі оған енгізілген бақылағыш арқылы басқарылады. Түпнұсқалық жинаққа кірмейтін сыртқы қуаттау құрылғыларындағы “тез қуаттау” тәртібін қатаң түрде қолданбау керек, себебі қуаттау мен қуат кетуінің тоқтары шектеулі.

АКБ-ның “жады әсері” жоқ. АКБ-дағы қуаттың кез келген деңгейінен бастап оның қуатын кетіруге/қуаттауға болады. Құрылғылардың көбінде қуаттау/қуат кетіру дәрежесі бойынша шектеу қойылған - мысалы, қуат 90 % асып тұрғанда бақылағыш АКБ-ны қуаттауға жол бермеуі мүмкін. Сондай-ақ ол АКБ элементтерінің бүлінуіне жол бермеу («қуатын жою» әсерін болдырмау) үшін оның қуатын толық кетіруге де жол бермейді. Егер АКБ 2 апта және одан ұзақ уақыт қуаты кеткен күйде болса, оның элементтерінде сыйымдылық жойылуы процесі орын алады, салдарынан АКБ-ның өзі істен шығады.

Егер құрылғының АКБ-сы қуаты кеткен және біраз уақыт пайдаланылмаған болса, құрылғыны қайта пайдалануды бастамас бұрын оны шамамен 1–2 сағатқа ҚҚ қосып қою қажет.

Температуралық тәртіпті сақтаңыз

АКБ қуатталған күйде ауа температурасы +15°C - +35°C жағдайда сақталуы тиіс. АКБ қоршаған ортаның температурасы өте жоғары (+50°C артық) және өте төмен (-30°C төмен) болғанда ұзақ пайдалануды ауырсынады. Оны жылу көздеріне, мысалы, электр қыздырғышқа жақын жерде қалдырмаңыз.

АКБ-ны бөлшектемеңіз, өртемеңіз, зақымдалған АКБ-ны қолданбаңыз

Ешбір жағдайда АКБ-ны өз бетіңізбен бөлшектеуге және оның элементтерін қуаттауға болмайды, оны білікті мамандар орындауы тиіс. Элементтердің тесілуі не майысуы ішкі қысқа тұйықталуға, соңынан жануы мен жарылуына әкеліп соқтыруы мүмкін. АКБ корпусының герметикалылығы бұзылғанда элементтің ішіне су кіруі немесе атмосфералық ылғал жиналуы мүмкін, бұл сутегінің бөлінуі мен тұтануға соқтыруы ықтимал. Зақымдалған АКБ-дан адам денсаулығы үшін зияны бар заттар бөлініп шығады.

АКБ штаттық режимде жұмыс істемей қалғанда, қандай да бір себеппен деформацияланған (ісінсе, ішіне қарай тартылса т.с.с.) жағдайда шұғыл түрде уәкілетті қызмет көрсету орталығына жүгіну керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Іс жүзіндегі жұмыс уақыты көрсетілген уақытқа сай болмауы мүмкін. АКБ-ны қуаттау циклдарының саны шектеулі, біраз уақыт өткеннен соң АКБ-ны ауыстыру талап етілуі мүмкін (АКБ-ның шектеулі кепілдік шарттарын кепілдеме түбіртегінен қараңыз). АКБ жұмыс істеу уақыты оны пайдалану тәртібіне және күйге келтірілуіне байланысты.

Бұйымның қызмет ету мерзімі

Бұйымның қызмет ету мерзімі-2 жыл.

Көрсетілген қызмет мерзімі тұтынушы осы нұсқаулықтың талаптарын сақтаған кезде жарамды болады.

Сыни істен шығулардың тізбесі

- Қатты ұшқынмен қолдануға болмайды.
- Қатты діріл пайда болған кезде пайдаланбаңыз.
- Сынған немесе ашық электр кәбілімен пайдалануға болмайды.
- Бұйымның корпусынан тікелей түтін пайда болған кезде пайдалануға болмайды.

Персоналдың ықтималды қате әрекеттері

- Зақымдалған тұтқамен немесе зақымдалған қорғаныш қаптамасымен пайдалануға болмайды.
- Жаңбыр кезінде ашық кеңістікте қолдануға болмайды.
- Корпусқа су кірген кезде қоспаңыз.

Шекті күйлердің өлшемдері

- Электр кәбілі қажалған немесе зақымдалған.
- Бұйымның корпусы зақымдалған.

Құрылғының схемасы



1. Айналым жылдамдығын реттейтін іске қосқыш-сөндіргіш.
 2. Айналу бағытын ажыратып-қосқыш.
 3. Айналу сәтін реттегіш.
 4. Тез қысқышпатрон.
 5. Режимдерді ажыратып-қосқыш.
 6. Аккумулятор.
 7. Жарықдиодты индикатор.
 8. Қуаттау құрылғысына арналған жалғастырғыш.
 9. Адаптер.
- A: патронның алдыңғы жағы.
B: патронның негізгі жағы.

Құрылғыны пайдалану

Қуаттау

1. Аккумуляторды шығару батырмасына басып, аккумуляторды құрылғыдан ажыратыңыз.
2. Құрылғының қуаттау істікшесін аккумулятордағы қуаттауға арналған жалғағышқа қойыңыз.
3. Қуаттау құрылғысын желіге қосыңыз.
4. Қуаттау құрылғысы аккумуляторға қосылған кезде индикаторда қызыл түс жанады.
5. Аккумулятор қуатталып біткен соң индикаторда жасыл түс жанады.
6. Батарей қуатталып біткен соң қуаттау құрылғысын желіден ажыратып тастаңыз.

Назар аударыңыз!

- Аккумулятор батарейін пайдалану алдында толық қуаттап алыңыз. Батарей қуатталудың және қуаттан ажыратылудың бірнеше циклінен кейін толық қуат алады.
- Қуаттауды аз уақытқа қоймаңыз. Батарейдің толық қуаты біткен кезде қуаттаңыз.
- Қуатталу кезінде батарей мен қуаттау құрылғысы қызып кетуі мүмкін.
- Қуаттау құрылғысының тек түпнұсқасын қолданыңыз.

Режимдерді ажыратып-қосқыш

Тиісті ажыратып-қосқыштың көмегімен өзіңізге қажетті режимді қойыңыз.

Режим I: айналымның төменгі жылдамдығы, жоғары айналу сәті.

Режим II: айналымның жоғары жылдамдығы, төменгі айналу сәті.

Назар аударыңыз!

Режимдерді ажыратып-қосқышты құралды пайдаланып жатқан кезде немесе патрон айналып жатқан кезде қолданбаңыз.

Егер ажыратып-қосқыш қозғалмаса, патронды аздап бұраңыз.

Қондырманы пайдалану

- Жұмысқа керекті қондырмаларды ғана пайдаланыңыз. Ұштары кетілмеген үшкір қондырмаларды қолданыңыз. Патронның негізгі жағын нығыз ұстап, алдыңғы жағын бұрап, қысқыш патронды ашыңыз.
- Қондырманы қысқыш патронның ортасына түбіне дейін кіргізіңіз.
- Патронның негізгі жағын нығыз ұстап, патронды сағат тілімен бұрап, қысқыш патронды жабыңыз. Мүмкіндігінше қатты бұрап қысыңыз.
- Қондырманы алып тастау үшін осы операцияны керісінше қайталаңыз.

Ескерту: қондырманы салу және алу үшін құрылғыдан аккумуляторды алып тастаңыз.

Айналу бағытын ажыратып-қосқыш

- Айналу бағытын ажыратып-қосқыш құат көзіне қосылатын ажыратып-қосқыштың үстінде орналасқан.
- Сағат тілімен айналдыруды қосу үшін ажыратып-қосқыштың сол жағын басыңыз.
- Сағат тіліне қарсы бағытқа айналдыру үшін ажыратып-қосқыштың оң жағын басыңыз.

Назар аударыңыз!

Айналу бағытын ажыратып-қосқышты құралды пайдаланып жатқан кезде немесе патрон айналып жатқан кезде қолданбаңыз.

Сөндіргіш

Құрылғыны сөндіргішті басып сөндіріңіз. Жылдамдық сөндіргішті қатты басқан сайын көбейеді. Құрылғыны сөндіру үшін сөндіргіштен қолыңызды алыңыз.

Айналу сәтін реттегіш

- Құрылғының айналу сәтін күйге келтіретін ажыратып-қосқышы бар. Материалға және бұранда шегенің өлшеміне байланысты сәйкес күйді таңдаңыз.
- Айналу сәтін азайту үшін реттегішті сағат тіліне қарай бұрыңыз, ал айналу сәтін көбейту үшін сағат тіліне қарсы бұрыңыз.
- Егер Сіз қандай күйге келтіру керек екенін білмесеңіз, ең төменгі күйден бастаңыз да, қажетті нәтижеге жеткенше айналу сәтін көбейтіңіз.
- Бұрғылау үшін реттегішті бұрғылау шегіне жеткенше сағат тіліне қарсы бағытқа бұрыңыз.

Қызмет көрсету және күтім

Ескерту: Үнемі құрылғыны тазартудың алдында сөндіріңіз. Құрылғыға су кетіп қалмауын қадағалаңыз.

Корпустың пластик бөлігіне тазартқыш құралдарды пайдаланбаңыз. Лас болған жерлері мен шаңды жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Құрылғының өте қатты ластанған жерлерін сабынды суға малынған шүберекпен тазартуға болады.

Құрылғының желдету саңылауларының үнемі таза болуын қадағалаңыз.

Техникалық сипаттамасы

- Үлгісі: ACS45.
- Сауда белгісі: Aceline.
- Кернеу: 20 В.
- Айналымы: 0–400/0–1400 айн/мин.
- Макс.айналу сәті: 45 Н·м.
- Патрон түрі: тез бекітілетін.
- Айналу сәті сатыларының саны: 18+1.
- Жарықтандыру.
- Қорғау дәрежесі: IP20.
- Дыбыс қысымының деңгейі LpA (K=3), дБ(A): 71,3.
- Дыбыс қуатының деңгейі LwA (K=3), дБ (A): 82,3.
- Жұмыс режиміндегі діріл деңгейі (K=1,5), м/с2: 1,69.

Жинақталуы

- Құрылғы.
- 2x Li-ion аккумулятор 1.5 А·ч.
- Қуаттау құрылғысы.
- Пластик кейс.
- РН2 50 мм сақа.
- Пайдалану бойынша нұсқаулық.

Ықтимал проблемалар және олардың шешімдері

Проблема	Себебі	Шешімі
Электр құралы жұмыс істемейді.	Қуат элементі таусылған.	Қуат элементін қайта зарядтаңыз.
	Қуат элементі ақаулы немесе зақымдалған.	Қуат элементін ауыстырыңыз.
Электр құралының қозғалтқышы баяу жұмыс істейді / айналу санын жоғалтады.	Қуат элементі таусылған.	Қуат элементін қайта зарядтаңыз.
	Қуат элементі ақаулы немесе зақымдалған.	Қуат элементін ауыстырыңыз.
Қуат элементі зарядталмайды / зарядтағыш құралдың жарық индикаторы жұмыс істемейді.	Сақтандырғыш істен шықты.	Уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз
	Зарядтағыш құрал ақаулы.	Зарядтағыш құралын ауыстырыңыз

Монтаждау, сақтау, тасымалдау, сату және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да болмасын монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы оны жасап шығарушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5°C - 40°C және салыстырмалы ылғалдылығы 80% аспайтын жағдайда сақталуы тиіс. Үй-жайларда тоттануға соқтыратын агрессивті қоспалар (қышқылды, сілтілі бу) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы тиіс.
- Құрылғы мұқият күтімді талап етеді, оны балшықтың, соққының, ылғалдың, оттың әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі керек.
- Құрылғының пайдалану мерзімі біткен жағдайда оны тұрмыстық қалдықтармен бірге қоқысқа тастауға болмайды. Оны жергілікті заңнамаға сәйкес электр бұйымдары мен электр жабдықтарын қабылдап, одан әрі оны қайта өңдеуге немесе кәдеге жаратуға арналған арнайы орындарға тапсыру керек. Сіз бұл өнімді кәдеге жаратудың дұрыс орындалуын қамтамасыз етіп, қалдықтарды бақылаусыз тастау салдарынан қоршаған орта мен адам денсаулығына зиян келтіруді болдырмауға және материалдық ресурстарды тиімді қолдануға көмек көрсетесіз. Өнімді қабылдау және кәдеге жарату орындары туралы нақты ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының жарамсыздығы анықталғанда уәкілетті сервистік орталыққа шұғыл жүгіну қажет немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Хаймэнь Синьцзя Пауэр Тулз Компани. 8 тобы, Люцзя ауылы, Баочан, Хаймэнь қ., Цзянсу пров., Қытай.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Республике Казахстан:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Астана, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Республика Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ-ы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа д-лы, 12 Ғ-т, Қазақстан Республикасы.

Бұйымның сыртқы түрі, сипаттамалары мен жинақталуы пайдаланушыны алдын ала хабардай етпей өзгертілуі мүмкін.

Құрылғының іс жүзіндегі интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Тауар Кедендік одақтың техникалық регламенттері талаптарына сәйкес:

- КО ТР 010/2011 «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы»;
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік сыйымдылығы».

Тауар Еуразия экономикалық одағының «Электротехника және радиоэлектротехника бұйымдарын жасауда қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» ЕАЭО ТР 037/2016 техникалық регламентінің талаптарына сай.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

Кепілдеме түбіртегі

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күн: _____

Өндіруші құрылғының барлық кепілдік мерзімі ішінде үзіліссіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылуында ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі де тек жаңа өнімдерге ғана беріледі.

Кепілді қызмет көрсету пайдаланушы бұйымды нұсқаулық бойынша пайдаланған жағдайда кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеуге немесе ауыстыруға мүмкін болады. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Мекенжай бойынша қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

Кепілдік міндеттемелері мен тегін сервистік қызмет көрсету тауар жиынтығының құрамына кіретін төменде атап көрсетілген, оларды ауыстыру үшін бұйымды бөлшектеу қажет болмайтын керек-жарақтарға таралмайды:

- Қуаттандыру элементтеріне (батарейлер), ҚБП(Қашықтан басқару пультіне).
- Жалғағыш кәбілдер, антенналар мен оларға арналған жалғастырғыш тетіктер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылар; түрлі ақпарат тасымалдағыштар, жинақ құрамында жеткізілетін бағдарламалық қамтылым (БҚ) мен драйверлер (бұйымның қатты магнитті дискілеріндегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БҚ қоса алғанда, бірақ шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары мен манипуляторлар.
- Алып жүруге арналған қаптар, сөмкелер, белдіктер, баулар, монтаждау айлабұйымдары, құрал-саймандар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Жұмсалатын материалдар мен табиғи тозатын бөлшектер.



Өндіруші мынадай жағдайларда өзіне кепілдік міндеттеме алмайды:

- Кепілдік мерзімі аяқталғанда.
- Бұйымды жеке (тұрмыстық, отбасылық) немесе кәсіпкерлік қызмет жүргізуге пайдаланған болса, оны өз мақсатынан бөлек өзге мақсаттарға пайдаланған болса.
- Өндіруші бұйымды қолдану кезінде нұсқаулықтың талаптарын бұзса, бұйымды орналастыру мен оған қызмет көрсету жөніндегі ұсыныстарды, оны іске қосу ережелерін (бұйымға және оған жалғанған басқа бұйымдарға сәйкес емес желі кернеуінің әсер етуінен туындаған қысқа тұйықталу), бұйымды сақтау және тасымалдау ережелерін сақтамау салдарынан бұйым иесіне және/немесе үшінші тұлғаларға келтірілуі мүмкін материалдық, моральдық және өзге де залалдар үшін жауап бермейді.
- Механикалық зақымдану жағдайларында: бұйымды пайдалану кезінде болған кетіктер, жарықтар, пішіні бұзылу, соғылған жерлер, майысу және т.б.
- Бөгде жерде модификациялаудың, оңдай жұмыс жүргізуге уәкілеттілігі жоқ адамдар рұқсатсыз жөндеу жүргізуінің дәлелі бар болса. Егер ақау Өндіруші қарастырмаған Қазақстан Республикасының заңнамасына сай сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны қосудан бұйымның конструкциясын немесе схемасын өзгертуден туындаған болса.
- Егер бұйымның ақауы еңсерілмейтін күштің (табиғат апатының, өрттің, су тасқынының, зілзаланың, Өндірушіге қатысы жоқ тұрмыстық факторлар мен өзге жайттардың) әсерінен, немесе Өндіруші болжай алмайтын үшінші тұлғалардың әрекеттерінен болған жағдайда. Егер ақау бұйымның ішіне бөгде заттар, бөгде денелер, заттар, сұйықтықтар, жәндіктер немесе жануарлар түсіп кетуінен, агрессивті ортаның, жоғары ылғалдылықтың, жоғары температураның әсерінен туындап, олар бұйымның толықтай не ішінара істен шығуына әкеліп соқтырса.
- Бұйымның сәйкестендіру нөмірі (сериялық нөмірі) жоқ болса немесе сәйкес келмеген жағдайда. Егер зақымдалу (кемшіліктер) зияны бар бағдарламалық қамтылымның әсерінен болса; құпиясөз орнату, ауыстыру немесе жойылу себебінен туындаса, ал олар бұйымның бағдарламалы ресурстарына кіре алмаған жағдайда, осы қызметті жеткізуші БҚ қызмет көрсетпеуі себебінен кодты алып тастау/қалпына келтіру мүмкін болмағанда.
- Егер жұмыс ақаулары қуат беретін, кабелдік, телекоммуникациялық желілердің стандарттарына немесе техникалық регламенттеріне, радиосигнал қуатына, оның ішінде жер бедерінің ерекшелігіне және оған тең басқа сыртқы факторлардың сәйкес келмеуінен туындаған болса.
- Егер зақымдалу стандартқа сай емес (түпнұсқа емес) және/немесе сапасыз (зақымдалған) жұмсалатын материалдарды, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуаттандыру элементтерін, түрлі ақпарат тасымалдағыштарды (CD, DVD дискілерді, жады карталарын, SIM карталарды, картридждерді қоса алғанда) қолдану себебінен туындаған болса.
- Егер кемшіліктер үйлеспейтін контент (әуен, графика, бейне және басқа файлдарды, Java қосымшасы, оған ұқсас басқа бағдарламалар) қабылдау, оларды орнату және қолдану себебінен туындаса.
- Осы бұйыммен жалғастырылып жұмыс істейтін басқа жабдыққа залал келтірілген жағдайда.



aceline